

«Жалпақ кен орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кеңейту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

«Созақ ауданы Қыземшек кенті әкімінің аппараты» ММ-сі.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«Жалпақ кен орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кеңейту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жалпақ кен орны.

Географиялық координаттары: 45°52'20"С, 68°57'40"Ш.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а.о.

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

«ОРТАЛЫҚ» өндіруші кәсіпорны» ЖШС, БСН: 110240020102, Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, 033 квартал, 28 ғимарат, e-mail: info@dportalyk.kazatomprom.kz.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«СтройРекламПроект» ЖШС, БСН: 040440005636, Мекен-жайы: Ақтөбе к., Жамбыл к., 81, Тел. 8-7132-90-82-41, Эл.пошта: toosrp@bk.ru.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

14.01.2026ж. сағат 15.00-де, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Сарыарқа көшесі б/н, мәдениет үйі.

9. Бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі (1-косымша).

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі (2-қосымша).

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында: <https://ndbecology.gov.kz/> (жарияланған күні: 04.12.2025.);

2) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет ресурстарында «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kz>» (жарияланған күні: 05.12.25.);

3) 29.11.25ж. № 86 (9348) «Созақ үні» газетінде;

28.11.25ж. «Отырар ТВ» телеарнасында;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, әкімшілік ғимаратымекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі (3-қосымша).

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде Алисова А. тағайындалды. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың саны «қолдаймын» - 29, «қарсымын» - 0, «қалыс қаламын» - 0.

Қоғамдық тыңдаудың регламенті:

Баяндамашының сөз сөйлеуі – 10 мин;

Баяндаманы талқылау – 10 мин;

Қоғамдық тыңдауды қорытындылау – 5 мин.

Қоғамдық тыңдаулардың регламенті бірауыздан бекітілді. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың саны «қолдаймын» - 29, «қарсымын» - 0, «қалыс қаламын» - 0.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы – Алисова А.Т. «СтройРекламПроект» ЖШС экологы.

Баяндаманың тақырыбы: «Жалпақ кен орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кеңейту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

Қоғамдық тыңдауға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі (4-қосымша).

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Қызылшек кенті әкімі Әбіл Марс
Ерманиян

М.Әбіл

14.01.2026ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

«Сұрайтөлемі Проект» ЖШС тарапы
Алиша Айтжанов

А

14.01.2026ж.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ»)
1	<p>БАҚ өкілі - Жусупов Бауыржан:</p> <p>- Сіздер қазір кімге өткізіп жатырсыздар қоғамдық тыңдауды? Мында тек мемлекеттік қызметкерлер.</p>	<p>«ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС радиациялық қауіпсіздік инженері – Өмірзаққызы Айнұр:</p> <p>- Мемлекеттік қызметкерлер болса да олар осы Қыземшектің тұрғындары.</p> <p>Қыземшек кенті әкімі – Әбіл М.:</p> <p>- Осымен қатарынан төртінші күн қоғамдық тыңдау өтіп жатыр. Олардың барлығын біз ауылдың чаттарына жіберіп отырмыз. Бәрі естіп отыр. Жібергенімізді көрсетіп бере аламыз.</p> <p>Өмірзаққызы Айнұр:</p> <p>Қоғамдық тыңдаудың хабарландыруы жергілікті атқарушы орган сайтында, газетте, телеканалда, ауыл тақтасында жарияланды. Барлығы қоғамдық тыңдаудың қағидаларына сәйкес жасалды.</p> <p>Мен айтып кетейін, Жалпақ кен орнының геотехнологиялық полигонын 3 жылға кеңейту көзделіп жатыр. Сіздерге, Қыземшек тұрғындарына осы жоба туралы хабардар болу үшін келдік. Осы кен орны кеңейген кезде сіздерге жұмыс орны ашылады. Осы Орталықта 283 адам Созақ ауданының тұрғындары жұмыс істейді, оның ішінде 83-і осы Қыземшектен, ал Жалпақта Қыземшектен 18 адам жұмыс істейді. Жұмыссыздық, әлеуметтік, басқа да сұрақтарыңыз болса қойсаңыздар болады.</p>	<p>Ескерту алынып тасталды.</p>
2	<p>Жусупов Бауыржан:</p>	<p>Өмірзаққызы Айнұр:</p>	<p>Қоғамдық</p>

	<p>- Джони осы жерден әлеуметтік отбасы болып кетті. Экзаменнен өтеді, шоты бұғаттаулы, оны жұмысқа қабылдамайды. Не үшін? Қауіпсіздік қызмет оның шотын тексеруге қандай хақысы бар? Оның сотталған/сотталмаған справка алып береміз, осыны ғана тексеру керек.</p>	<p>- Айтылып отырған адамды кеше мен зерттедім, барынша жауап беруге тырыстым. Ол адамның шоттары жабылған, қаржылай қиындықтары болған. Біздің организация ол кісінің тесттен өтуіне дейін жағдай жасады. Қауіпсіздік қызметтен өту/өтпеуі бүгінгі тыңдауға қатысы жоқ. Егер запрос болса, е-өтінішпен нақты сұрағынды жазып жолда. Одан кейін нақты жауап аласың.</p>	<p>тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ.</p>
3	<p>Жусупов Бауыржан: - Қоғамдық тыңдаудың төрағасы мен хатшысы сайлану керек. Төраға акиматтан, хатшы халықтан сайлану керек.</p>	<p>Әбіл М.: - Хатшыны дауыс беріп сайладық. Ертең мына кеңейту болған кезде, блоктар салынған кезде, оператор, компрессорщик, т.б. қосымша жұмысшыларды қабылдайды деп айтып жатыр. Қазір Қыземшектен қанша адам жұмыс істеп жатқаны айтылды. Тағы сұрақтарыңыз бар ма?</p>	<p>Ескерту алынып тасталды.</p>
4	<p>Кент тұрғыны – Нұрқалықов Марат: - Мені оператор қылып алады ма? Мен оператор болып 10 жыл жұмыс істегенмін. Жалпаққа барсам ала ма екен?</p>	<p>Өмірзаққызы Айнұр: - Сіз резюме дайындаңыз. Шымкентке Бәйдібек би, 27а мекен-жайында біздің кадр басшылары отырады, сонда резюмеңізді тапсырыңыз. Сіз 10 жыл жасаған болсаңыз сізді қуана қабылдайды. Сосын айтып кетейінші, 2025 жылы «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС Түркістан облысының бюджетіне әлеуметтік сұрақтарды шешуде 1 млрд. доллар салды, налогын төледі, Созақ ауданына, осындай кішігірім елді-мекендерге 1 млн салынды. Жалпақта қазір құрылыс жұмыстары жүріп жатыр, 3 этажды жатақхана, цех, АБК бәрі салынып жатыр. Болашақта сіздерге жұмыс көзі болады. Қалаға барып резюмелеріңізді апарсаңыздар болады.</p>	<p>Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ.</p>
5	<p>Кент тұрғыны – Тоғынбекова Н. - Қазір менің балам армиядан келді, 21 жаста. 21 жастан алады ма? - Былтырдан бері жұмыс таба</p>	<p>Өмірзаққызы Айнұр: - 18 жастан бастап аламыз. 18-ге толса болды. - Балаңыз жұмыссыздыққа тіркелсін, жаңа мен айтқан адреске барсын.</p>	<p>Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ.</p>

	алмай жүр.		
6	<p>Кент тұрғыны – Нұрқалықов Марат:</p> <p>- Жас балаларды оқытасыздар ма?</p>	<p>Өмірзаққызы Айнұр:</p> <p>- Бүгінгі таңда 150 бала оқытылып жатыр. Оның ішінде Орталықта жасап жатқан қызметкерлердің балалары да бар. Бірінші толық емес отбасынан шыққан немесе жетім балаларды қамтиды, одан кейін орын болса басқа балаларды да қабылдайды.</p>	<p>Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ.</p>
7	<p>Кент тұрғыны – Нұрқалықов Марат:</p> <p>- Ақтолқынның баласына Сізден көмек сұрауға бола ма? Көздің нашарлығына байланысты оны Россияға жіберіп жатыр. Оған ақша керек болып жатыр.</p>	<p>«ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС социологы – Бабаханов М.:</p> <p>- Астанада қор бар, осындай сұрақтарды сонда жібереміз.</p>	<p>Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ.</p>

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25501751002, Дата: 17/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: «Фасширение геотехнологического полигона месторождения Жалпак на 2026-2027-2028 годъ»

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, ул.Сарыарка б/н, дом культуры., 14/01/2026 15:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (67 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Созак үні, Отырар ТВ

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п. Кыземшек, здание акимата.

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Добывающее предприятие "ОРТАЛЫК" (БИН: 110240020102), +7(705)-394-10-88, gnurlukulov@dportalyk.kazatomprom.kz,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25501751002, Дата: 20/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25501751002, от 17/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету «Расширение геотехнологического полигона месторождения Жалпак на 2026-2027-2028 годы», в предлагаемую Вами 14/01/2026 15:00, Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, ул.Сарыарка б/н, дом культуры.(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Добывающее предприятие "ОРТАЛЫК" (БИН: 110240020102), +7(705)-394-10-88, gnurlukulov@dportalyk.kazatomprom.kz,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы

№	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Ахилбекова. А.	муртан	7023175032	жеке	
2	Кенжетайева. Э	муртан	7053763880	жеке	
3	Жушба Ж	муртан	7028833030	жеке	
4	Артымбаева Р	тұрғын	—	жеке	
5	Трабасқалиев М	представитель Орто	87758915769	жеке	
6	Будрастова Э.	муртан	87755423100	жеке	
7	Торайбаева А	муртан	—	жеке	
8	Митмақов ӘС	муртан	87416845462	жеке	
9	Коломенко Р	муртан	—	жеке	
10	Осупова Р	муртан	—	жеке	
11	Утманова А	муртан	—	жеке	
12	Байғұйсинаева А	муртан	—	жеке	
13	Шарипова	муртан	—	жеке	
14	Мамырова М	муртан	—	жеке	
15	Қабдулова Ә	муртан	—	жеке	
16	Байбосынова А.	муртан	—	жеке	
17	Медубай А.	тұрғын	—	жеке	
18	Териебай С.	муртан	87755466447	жеке	

SOZQAQ UNI



№86 (9348)

sozak_uni@mail.ru

Аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газет

СЕНБІ
29 қараша, 2025 жыл

www.sozak-uni.kz

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



Президент Геннадий Головкинді қабылдады

Мемлекет басшысы Геннадий Головкинді World Boxing халықаралық федерациясының президенті болып сайлануымен құттықтады.

Президент бұл шешімді даңқты спортшының әлемдік боксты дамытуға қосқан үлесінің, кәсібилігі мен мінсіз абырой-белгілілігі мен мінсіз

қасиеттерінің арқылы жеттіңіз. Бұл өлімізде ғана емес, шет мемлекеттердегі миллиондаған жастың жігерін жанды. Есіміңіз әлемдік бокс тарихына алтын әріппен жазылғанына еш күмән жоқ», деді Президент.

Мемлекет басшысы танымал спортшының Ұлттық олимпиада комитетіндегі қызметіне жоғары баға берді.

ды білдіреміз. Халықаралық Олимпиада комитетімен ынтымақтастықты жолға қойдыңыз», деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкинге World Boxing халықаралық федерациясының президенті ретінде келтеген мәселенің шешімін табуы қажет екенін айтты.

«Бүгінде спорттық мансабыңыздағы жаңа кезеңге аяқ бастыңыз. World Boxing федерациясының президенті болып сайландыңыз. Жұмыс өнді ғана басталды. Алдыңызда атқаратын қыруар шаруа тұр. Сондай-ақ Сіздің жаһандық деңгейдегі спорт-

тық құрылымды басқарып отырған алғашқы қазақстандық екеніңізді айта кету керек. Кәсіби біліктілігіңізді ғұмырда жаңа белеске көтеріп, бокс көзгіеңізін кеңейтетініне сенімдімін», деді Президент.

Мемлекет басшысы отандық спортты дамытуға сіңірген елуелі еңбегі үшін Геннадий Головкинді I дәрежелі «Барыс» орденімен ма-

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

26.11.2025 ж. №32

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз үшінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз үшінші сессиясы 2025 жылғы 3 желтоқсан, сағат 11.00-де, Шолақорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз үшінші сессиясы 2025 жылғы 3 желтоқсан, сағат 11.00-де Шолақорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16. Депутаттарды тіркеу 3 желтоқсан, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 3 желтоқсан, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады: Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №154 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7

№86 (9348)

СЕНБІ
29 қараша, 2025 жыл

ЖАРШЫ

SOZQAQ UNI

Хабарландыру

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2025 жылдың 10 желтоқсан күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

1. «Шолақорған-Су» МКК басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.
2. Созақ ауданы әкімінің тұрғын ти-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.
3. Қыземшек кенті әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.
4. Қаратау ауылдық округі әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.
5. Қаракөк ауылдық округі әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.
6. Басқа да мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 10 желтоқсан күні сағат 9:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Хабарландыру

«ОРТАЛЫҚ» өндіруші кәсіпорны» ЖШС 14.01.2026ж. сағат 15.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Сарыарқа көшесі б/н, мәдениет үйі мекенжайында «Жалпақ кені орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кезеңіту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлады.

Географиялық координаттар: 45к52,20.С, 68к57,40.Ш.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROU1m1xZDZlbnJlTkRlUT09.> Идентификатор: 616 540 8596. Күнісізес: 123456. Тапсырыс беруші: «ОРТАЛЫҚ» өндіруші кәсіпорны» ЖШС, БСН: 110240020102, Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, 033 квартал, 28 ғимарат, e-mail: info@dportalyk.kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, БСН:040440005636, Мекен-жайы: Ақтөбе қ., Жамбыл қ., 81, Тел: 87132908241.

Жергілікті атқарушы орган: Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 87253363845, a.erkebai@ontustk.gov.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kz>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе сұрастар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ a.erkebai@ontustk.gov.kz, электрондық пошта арқылы қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Объявление

ТОО «Добывающее предприятие «ОРТАЛЫК» сообщает, что в 15.00ч. 14.01.26г. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.г. Кыземшек, ул. Сарыарқа б/н, дом культуры состоится общественное слушание в форме открытого собрания по Разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Расширение геотехнологического полигона месторождения Жалпақ на 2026-2027-2028 годы».

Географические координаты: 45к52,20.С, 68к57,40.В.

Ссылка на онлайн подключения: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROU1m1xZDZlbnJlTkRlUT09.> Идентификатор: 616 540 8596. Код доступа: 123456.

Заказчик ТОО «Добывающее предприятие «ОРТАЛЫК» БИН: 110240020102, Адрес: Туркестанская область, Сузакский район, с. Созақ, 033 квартал, здание 28, e-mail: info@dportalyk.kazatomprom.kz.

Разработчик: ТОО «СтройРекламПроект» БИН 040440005636, Адрес: г.Актөбе, ул. Дзамбула 81, Тел. 87132908241.

Местный исполнительный орган: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, 87253363845, a.erkebai@ontustk.gov.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>».

Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанмыз дхрсы. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем тәзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің өлімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық

Жол ережелерін қатаң сақтаған абзал

"Собкор" ЖШС
160021, Қазақстан Республикасы
Шымкент қ., Төреқұлов көш., 15
БИН 94120000410
БДК KZ89856000000526459
«Банк ЦентрКредит» АҚ
тел. +7 700 577 1717
e-mail: info@otyrar.kz



ТОО "Собкор"
160021, Республика Казахстан
г. Шымкент, ул. Торекулова, 15
БИН 94120000410
ИИК KZ898560000000526459
в АО «Банк ЦентрКредит»
тел. +7 700 577 1717
e-mail: info@otyrar.kz

Шығыс № 538
01 " 12 2025ж.

ЭФИРНАЯ СПРАВКА

ДЛЯ ТОО «А-Расул 2006»

Настоящим подтверждаем, что в эфире телеканала Отырар (г. Шымкент, г. Туркестан, районы Туркестанской области) 28 ноября 2025 г. размещен объявление в «бегущей строке» согласно утвержденного текста на русском и казахском языках.

Одновременно объявление размещается на медиа-портале Отырар.kz (сайт otyrar-tv.kz)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ОРТАЛЫК» өндіруші кәсіпорны» ЖШС 14.01.2026ж. сағат 15.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Сарыарқа көшесі б/н, мәдениет үйі мекенжайында «Жалпақ кен орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кеңейту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттар: 45°52'20"С, 68°57'40"Ш.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор: 616 540 8596. Құпиясөз: 123456.

Тапсырыс беруші: «ОРТАЛЫК» өндіруші кәсіпорны» ЖШС, БСН: 110240020102, Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, 033 квартал, 28 ғимарат, e-mail: info@dportal.kz.kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, БСН: 040440005636, Мекен-жайы: Ақтөбе қ., Жамбыл к., 81, Тел. 87132908241.

Жергілікті атқарушы орган: Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 87253363845, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kz>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ a.erkebai@ontustik.gov.kz электрондық поштасында қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Добывающее предприятие «ОРТАЛЫК» сообщает, что в 15.00ч. 14.01.26г. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, ул.Сарыарқа б/н, дом культуры состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Расширение геотехнологического полигона месторождения Жалпақ на 2026-2027-2028 годы».

Географические координаты: 45°52'20"С, 68°57'40"В.

Ссылка на онлайн подключения: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор: 616 540 8596. Код доступа: 123456.

Заказчик: ТОО «Добывающее предприятие «ОРТАЛЫК», БИН: 110240020102, Адрес: Туркестанская область, Сузакский район, с. Созақ, 033 квартал, здание 28, e-mail: info@dportal.kz.kazatomprom.kz.

Разработчик: ТОО «СтройРекламПроект», БИН: 040440005636, Адрес: г.Ақтөбе, ул. Джамбула 81, Тел. 87132908241.

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, 87253363845, a.erkebai@ontustik.gov.kz.


С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественного слушания на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на электронную почту: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Зав. рекламным отделом



Шырымбекова А.Х.



ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Добывацие предприятие «ОРТАЛЫҚ» сообщает, что в 15.00ч. 14.01.2026г. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, ул.Сарыарқа б/н, дом культуры состоится общественное слушание в форме открытого собрания по Разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Расширение геотехнологического полигона месторождения Жалпак на 2026-2027-2028 годы».

Географические координаты: 45°52'20"С, 68°57'40"В.

Ссылка на онлайн повествование:
<https://us04w.cb.zoom.us/j/6165408596?pwd=106a3ROUGROYM1xZDZibXJnTkNRUT09>.
Идентификатор: 616 540 8596. Код доступа: 123456.

Заказчик: ТОО «Добывацие предприятие «ОРТАЛЫҚ», БИН: 11024002102, Адрес: Туркестанская область, Сузакский район, с. Созак, 033 квартал, здание 28, e-mail: info@fortalyk.kazatoprom.kz.

Разработчик: ТОО «СтройРекламПроект», БИН: 040440005636, Адрес: г.Актобе, ул. Джамбула 81, Тел. 87132908241.

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, 8723363845, a.erkeba1@ontustik.gov.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/?lang=ru>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественного слушания на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на электронную почту: a.erkeba1@ontustik.gov.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ОРТАЛЫҚ» өндірісі кәсіпорны» ЖШС 14.01.2026ж. сағат 15.00-де Түркістан облысы, Созак ауданы, Кыземшек кенті, Сарыарқа көшесі б/н, мәдениет үйі мекенжайында «Жалпак кен орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кеңейту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиылыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Географиялық координаттар: 45°52'20"С, 68°57'40"Ш.

Онлайн қосылуға сілтеме:
<https://us04w.cb.zoom.us/j/6165408596?pwd=106a3ROUGROYM1xZDZibXJnTkNRUT09>.
Идентификатор: 616 540 8596. Құпиясыз: 123456.

Тапсырыс беруші: «ОРТАЛЫҚ» өндірісі кәсіпорны» ЖШС, БСН: 11024002102, Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созак ауданы, Созак ауылы, 033 квартал, 28 ғимарат, e-mail: info@fortalyk.kazatoprom.kz.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, БСН: 040440005636, Мекен-жайы: Ақтобе к., Жамбыл к., 81, Тел. 87132908241.

Жергілікті атқарушы орган: Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 8723363845, a.erkeba1@ontustik.gov.kz.

Жобанық құжаттама пакетінен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/?lang=kz>» сайтында таласуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ a.erkeba1@ontustik.gov.kz электрондық пошталық қолғабынша қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кейінгі мерзімде қабылданады.

26.11.2025. 9:50



26.11.2025. 9:50

«Жалпақ кен орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кеңейту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ.

Жобаланатын объект Түркістан облысы Созақ ауданындағы Жалпақ кен орны аумағында орналасқан.

Ең жақын елді мекен – объектіден 67 км қашықтықта орналасқан Қыземшек ауылы.

Ең жақын су нысаны - 34 км қашықтықта орналасқан Қарақойын көлі.

ЖОБАЛАНАТЫН ОБЪЕКТІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ.

Бұл жобада желілік құрылыстарды жобалау көзделеді: өнімді және шаймалау ерітінділерін таратудың магистральдық технологиялық құбырлары, сондай-ақ қышқыл құбырлары.

Өнімді және шаймалау ерітінділерінің құбырлары жер бетінде бірыңғай үйіндіге салынады, осыған байланысты тармақтардағы құдықтардың құрылысы жобада көзделмейді.

Өнімді және шаймалау ерітінділерінің құбырлары үшін ГОСТ 18599-2001 сәйкес диаметрі 400 және 630 мм SDR17 PE100 маркалы полиэтилен құбырлары қабылданды.

Қышқыл құбыры жер үсті әдісімен бетондалған тіректері бар металл тіректерде салынады және ГОСТ 8732-78 бойынша St20 Ø108x5,0 болаттан жасалған ыстық деформацияланған жіксіз болат құбырлардан жасалған.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштер:

2026 ж.

Ø400 ØЕ,ШЕ магистральдық құбырының ұзындығы - 0,919 км;

Ø108 магистральдық қышқыл құбырының ұзындығы - 0,983 км;

2027 ж.

Ø400 ØЕ,ШЕ магистральдық құбырының ұзындығы - 1,574 км;

Ø630 ØЕ,ШЕ магистральдық құбырының ұзындығы - 6,735 км;

Ø108 магистральдық қышқыл құбырының ұзындығы - 8,882 км;

2028 ж.

Ø400 ØЕ,ШЕ магистральдық құбырының ұзындығы - 0,764 км;

Ø630 ØЕ,ШЕ магистральдық құбырының ұзындығы - 1,551 км;

Ø108 магистральдық қышқыл құбырының ұзындығы - 1,641 км.

Автомобиль жолдарын салу: 2026 жылы – 9,77 км; 2027 жылы - 10,0 км; 2028 жылы – 5,14 км.

ҚР ҚН 3.03-22-2013 сәйкес жол киімі ретінде құм-қиыршық тас қоспасы деп қабылданды.

Жобада жобаланатын толық трансформаторлық қосалқы станцияны КТПН-400кВА электрмен жабдықтау үшін қолданыстағы ӘЖ-6кВ тармақтарынан ұзындығы 10911 м болатын бір тізбекті ӘЖ-6кВ салу көзделеді.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ.

Құрылыс кезінде атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көздері жер жұмыстары, шаң материалдарын себу, тегістеу машиналары, битум, дәнекерлеу және бояу жұмыстары болып табылады.

Құрылыс кезінде ластаушы заттар шығарындыларының көлемі:

2026 жылы – 0.9351782 г/сек и 3.9965881 т/жыл;

2027 жылы – 0.9858536 г/сек и 5.3165508 т/жыл;

2028 жылы – 0.6474539 г/сек и 3.0821794 т/жыл.

Атмосфераға ластаушы заттардың таралуын есептеу нәтижесі барлық ластаушы заттар мен қосындылар топтары бойынша жер бетіндегі максималды концентрациялар СҚА шекарасында 1 ШРК-ден аз екенін көрсетті.

2026 жылға арналған құрылыс кезінде атмосфераға шығарылатын
ластаушы заттардың тізбесі

ЛЗ коды	Ластаушы зат атауы	ЛЗ шығарындысы, г/с	ЛЗ шығарындысы, т/жыл
0123	Темір (II, III) оксидтері (темір триоксиді, темір оксиді) / Темірге қайта есептегенде / (274)	0.001595	0.00402
0143	Марганец және оның қосылыстары/марганец (IV) оксиді бойынша / (327)	0.00038	0.000958
0301	Азот (IV) диоксиді (Азот диоксиді) (4)	0.001777	0.000192
0304	Азот (II) оксиді (Азота оксиді) (6)	0.0002887	0.0000312
0337	Көміртек оксиді (көміртегі тотығы) (584)	0.0000811	0.0000292
0616	Диметилбензол (о-, м-, п- изомерлерінің қоспасы) (203)	0.0035	0.00378
0621	Метилбензол (349)	0.01587	0.05526
0827	Хлорэтилен (Винилхлорид, Этиленхлорид) (646)	0.0000353	0.0000127
1210	Бутилацетат (Сірке қышқылы бутил эфирі) (110)	0.00307	0.0125655
1401	Пропан-2-он (Ацетон) (470)	0.00691	0.028153
1411	Циклогексанон (654)	0.00361	0.00867
2752	Уайт-спирит (1294*)	0.00933	0.01772
2754	C12-19 алкандар / C қайта есептегенде/ (C12-C19 шекті көмірсутектер (C қайта есептегенде); РПК-265п еріткіші) (10)	0.0005611	0.001616
2902	Қалқыма бөлшектер (116)	0.0072	0.0016589
2908	Құрамында кремний диоксиді бар бейорганикалық шаң%: 70-20 (шамот, цемент, цемент өндірісінің шаңы-саз, сазды тақтатас, домна қожы, құм, клинкер, күл, кремнезем, қазақстандық кен орындарының көмір күлі) (494)	0.87697	3.861
2930	Абразивті шаң (ақ корунд, Монокорунд) (1027*)	0.004	0.0009216
	Барлығы:	0.9351782	3.9965881

2027 жылға арналған құрылыс кезінде атмосфераға шығарылатын
ластаушы заттардың тізбесі

ЛЗ коды	Ластаушы зат атауы	ЛЗ шығарындысы, г/с	ЛЗ шығарындысы, т/жыл
0123	Темір (II, III) оксидтері (темір триоксиді, темір оксиді) / Темірге қайта есептегенде / (274)	0.001874	0.0162
0143	Марганец және оның қосылыстары/марганец (IV) оксиді бойынша / (327)	0.000446	0.003855
0301	Азот (IV) диоксиді (Азот диоксиді) (4)	0.0017	0.000612
0304	Азот (II) оксиді (Азота оксиді) (6)	0.000276	0.0000995
0337	Көміртек оксиді (көміртегі тотығы) (584)	0.0000772	0.000139
0616	Диметилбензол (о-, м-, п- изомерлерінің қоспасы) (203)	0.0035	0.007626
0621	Метилбензол (349)	0.01818	0.2738
0827	Хлорэтилен (Винилхлорид, Этиленхлорид) (646)	0.0000334	0.0000602
1210	Бутилацетат (Сірке қышқылы бутил эфирі) (110)	0.00352	0.061944
1401	Пропан-2-он (Ацетон) (470)	0.00787	0.13859
1411	Циклогексанон (654)	0.00411	0.04154
2752	Уайт-спирит (1294*)	0.0098	0.078026
2754	C12-19 алкандар / C қайта есептегенде/ (C12-C19 шекті көмірсутектер (C қайта есептегенде); РПК-265п еріткіші) (10)	0.001267	0.006842
2902	Қалқыма бөлшектер (116)	0.0072	0.0081907

2908	Құрамында кремний диоксиді бар бейорганикалық шаң%: 70-20 (шамот, цемент, цемент өндірісінің шаңы-саз, сазды тақтатас, домна қожы, құм, клинкер, күл, кремнезем, қазақстандық кен орындарының көмір күлі) (494)	0.922	4.674476
2930	Абразивті шаң (ақ корунд, Монокорунд) (1027*)	0.004	0.0045504
	Барлығы:	0.9858536	5.3165508

2028 жылға арналған құрылыс кезінде атмосфераға шығарылатын
ластаушы заттардың тізбесі

ЛЗ коды	Ластаушы зат атауы	ЛЗ шығарындысы, г/с	ЛЗ шығарындысы, т/жыл
0123	Темір (II, III) оксидтері (темір триоксиді, темір оксиді) / Темірге қайта есептегенде / (274)	0.001937	0.00488
0143	Марганец және оның қосылыстары/марганец (IV) оксиді бойынша / (327)	0.000461	0.001163
0301	Азот (IV) диоксиді (Азот диоксиді) (4)	0.001777	0.000192
0304	Азот (II) оксиді (Азота оксиді) (6)	0.0002887	0.0000312
0337	Көміртегі оксиді (көміртегі тотығы) (584)	0.0001158	0.0000417
0616	Диметилбензол (о-, м-, п- изомерлерінің қоспасы) (203)	0.0035	0.003465
0621	Метилбензол (349)	0.01548	0.08172
0827	Хлорэтилен (Винилхлорид, Этиленхлорид) (646)	0.0000503	0.0000181
1210	Бутилацетат (Сірке қышқылы бутил эфирі) (110)	0.002996	0.01849
1401	Пропан-2-он (Ацетон) (470)	0.0067	0.041394
1411	Циклогексанон (654)	0.0035	0.0124
2752	Уайт-спирит (1294*)	0.00933	0.024465
2754	C12-19 алкандар / C қайта есептегенде/ (C12-C19 шекті көмірсутектер (C қайта есептегенде); РПК-265п еріткіші) (10)	0.0007181	0.002068
2902	Қалқыма бөлшектер (116)	0.0072	0.0023846
2908	Құрамында кремний диоксиді бар бейорганикалық шаң%: 70-20 (шамот, цемент, цемент өндірісінің шаңы-саз, сазды тақтатас, домна қожы, құм, клинкер, күл, кремнезем, қазақстандық кен орындарының көмір күлі) (494)	0.5894	2.888142
2930	Абразивті шаң (ақ корунд, Монокорунд) (1027*)	0.004	0.0013248
	Барлығы:	0.6474539	3.0821794

СУДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ.

Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне арналған су көзі - ауыз су сапасындағы бөтелкедегі су. Құрылыс кезінде шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған су тұтыну көлемі: 2026 жылға – 242 м³, 2027 жылға - 338 м³, 2028 жылға – 163 м³.

Техникалық қажеттіліктерге арналған сумен жабдықтау көзі - техникалық сападағы әкелінетін су. Техникалық судың сыйымдылығы құрылыс алаңының жанында тікелей сақталады. Сметалық құжаттамаға сәйкес техникалық қажеттілік үшін судың жалпы шығыны: 2026ж. – 4744 м³, 2027ж. – 12486 м³, 2028ж. – 5314 м³ құрайды. Техникалық су құрылыс кезінде шаңды басу үшін қолданылады.

Шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар биотуалетке төгіледі, жинақталуына қарай сарқынды сулар арнайы автокөлікпен әкетілетін болады. Техникалық қажеттіліктер үшін пайдаланылған су қайтымсыз шығындар болып табылады.

Жобаланатын объектілерді салу және пайдалану кезінде сарқынды суларды жер үсті су объектілеріне және жергілікті жердің рельефіне ағызу жүргізілмейді.

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫ.

Құрылыс кезінде қалдықтардың келесі түрлері пайда болады:

- Аралас коммуналдық қалдықтар (жұмысшы персоналдың қызметі барысында түзіледі);
- Дәнекерлеу қалдықтары (дәнекерлеу кезінде пайдаланғаннан кейін электродтардың қалдықтары);
- Бояу мен лак қалдықтары (бояу жұмыстарын орындау кезінде лак-бояу материалынан жасалған қаңылтыр ыдыс пайда болады);
- Майланған шүберек (станоктарды, бөлшектер мен механизмдерді сүрту процесі арқылы түзіледі).

Құрылыс кезіндегі қалдықтардың түрлері мен көлемі

Қалдық атауы (қалдықтың пайда болу процесі)	Көлемі, т/жыл
2026 жыл	
Аралас коммуналдық қалдықтар	1.1651
Дәнекерлеу қалдықтары	0.005745
Бояу мен лак қалдықтары	0.04605
Майланған шүберек	0.00254
Барлығы	1.219435
2027 жыл	
Аралас коммуналдық қалдықтар	2.774
Дәнекерлеу қалдықтары	0.02313
Бояу мен лак қалдықтары	0.21277
Майланған шүберек	0.00127
Барлығы	3.01117
2028 жыл	
Аралас коммуналдық қалдықтар	1.3377
Дәнекерлеу қалдықтары	0.006975
Бояу мен лак қалдықтары	0.06516
Майланған шүберек	0.000381
Барлығы	1.410216

Қалдықтарды жинау және уақытша сақтау арнайы алаңдарда (орындарда) жүргізіледі. Қалдықтар арнайы автокөлікпен уақтылы шығарылатын болады. Барлық қалдықтар үшінші тарап ұйымдарына беріледі.

Жобада қоршаған ортаны қорғау бойынша келесі іс-шаралар көзделген:

- техникалық сумен шаңды басу;
- барлық технологиялық жабдықтарды жарамды күйде ұстау;
- авариялық жағдайларға жол бермеу, болған авариялық жағдайлардың салдарын жою;
- өндірістің технологиялық регламентінің сақталуын бақылау;
- қалдықтарды тиісінше таңбаланған контейнерлерде және ыдыстарда бөлек сақтау;
- қалдықтарды тек осы үшін арнайы жасалған алаңдарда орналастыру;
- өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарды ұтымды пайдалану есебінен қалдықтардың түзілу көлемін барынша төмендету;
- құрылыс алаңының аумағын тиісті санитарлық жағдайда ұстау;
- жер үсті көлік түрлерінің қозғалысын тек қолда бар және бөлінген жолдармен жүзеге асыру;
- автотехниканы тек арнайы жабдықталған орындарда толтыру және т.б.

Жобадағы жұмыстардың қоршаған ортаға әсері болмашы және жергілікті деп бағаланады. Жоспарланған қызметтер техникалық шешімдер мен аталған шараларды толыққанды орындау нәтижесінде қоршаған ортаға әсерін тигізбейтін болады.